

Қ. Қайырбек*, магистрант¹

С. Кондыбаева, PhD докторы, м.а. доценті¹

Ш. Болуспаев, PhD, Assistant Professor²

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Алматы қ., Қазақстан¹

Алматы Менеджмент Университеті,

Алматы қ., Қазақстан²

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: karakoz1410@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ НАРЫҒЫ: ЖОО БІЛІМ САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

Мақала Қазақстандағы жоғары білім нарығының жағдайы мен жоғары білім беру сапасының көрсеткіштерін зерттеу тақырыбына бағытталған. Бұл жұмыста еліміздегі жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын анықтау көрсеткіштері қарастырылып, олардың педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық (жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейі, сырттай немесе объективті бағалау, профессорлық-оқытушылық құрамды тиімді ынталандыру жүйесі) және техникалық аспектілері келтірілген.

Зерттеу әдістері қазіргі жоғары білім нарығының жағдайы мен маңызды тенденцияларын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін статистикалық анализ, деректерді өңдеу мен интерпретациялау әдістерін қамтиды, оның ішінде: «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының отандық жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларын рейтингілеу статистикалары мен жоғары білім жағдайы тақырыбының аясында жүргізілген шетелдік және отандық жұмыстары.

Жұмыстың негізгі нәтижелері жоғары білім сапасын бағалау әдістерін жетілдіру қажеттілігін көрсетіп, мемлекет, білім беру ұйымдары және жұмыс берушілер арасындағы өзара әрекеттестікті жақсартуға назар аударады. Мақала Қазақстандағы жоғары білім жүйесінің әрі қарай дамуы үшін маңызды, өйткені зерттеу нәтижелері білім беру саясаты саласында жаңа стратегияларды әзірлеу мен Қазақстанның жоғары оқу орындарының халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін негіз бола алады.

Кілт сөздер: жоғары білім сапасы, жоғары оқу орындары, кәсіби құзіреттілік, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, техникалық, педагогикалық көрсеткіш, білім беру бағдарламаларын рейтингілеу.

Ключевые слова: качество высшего образования, высшие учебные заведения, профессиональная компетентность, социально-экономические показатели, технико-педагогические показатели, рейтинг образовательных программ.

Keywords: quality of higher education, higher education institutions, professional competence, socio-economic indicators, technical and pedagogical indicators, rating of educational programs.

JEL classification: I25

Кіріспе. Жоғары білімнің негізгі қызметі еңбек нарығының әртүрлі сегменттері үшін жас мамандар даярлау ғана емес, сонымен қатар, оның жан-жақты дамыған, ақпараттандырылған және кәсіби дайындығы жоғары құзіретті тұлғаларды қалыптастыру болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауынан жоғары білімнің маңызды рөлін аңғаруға болады, яғни «Үшінші бағдар. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» бөлімінде «Біздің күшіміз – жастардың білімінде» дей отырып, техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімді болуы және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы керек екендігі атап өтті [1].

Жоғары білім сапасының көрсеткіштерін анықтау - білім сапасын арттыруда маңызды орын алады, себебі ол жоғары оқу орындарын аккредитациялауда, олардың арасында бәсекеге қабілетті қарым-қатынасты орнатуда, студенттерге сапалы білім беруде негізгі және бастапқы қадам. Бұл

зерттеудің мақсаты – статистикалық көрсеткіштер негізінде Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру ұйымдарындағы білім сапасын анықтайтын көрсеткіштерді талдау. Бұл мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылды: Қазақстандағы жоғары білім нарығының қазіргі жағдайын талдау, еліміздегі жоғары оқу орындарындағы білім сапасын бағалауға арналған параметрлерді әзірлеу және жүйелеу, жоғары білім сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар жасау.

Мақалада білім сапасын анықтау көрсеткіштерінің педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық және техникалық аспектілері келтірілген. Жоғары білім нарығындағы білім сапасының мәнін аша отырып, оны отандық жоғары оқу орындарын рейтингілеу ұйымының критерийлері негізінде салыстырмалы талдау жүргізілген.

Зерттеу «Жоғары білім сапасы» тақырыбымен байланысты әдебиеттерді жүйелі түрде талдауға негізделген. Дереккөздер Әлемдік жоғары оқу орындарын рейтингілеу ұйымдары есепке алатын жоғары білім сапасының көрсеткіштері талданған «Scopus» ғылыми жұмыстар базасындағы мақалалар, Қазақстан Республикасының жоғары білім нарығындағы ресми статистикалық мәліметтерін талдау, ресейлік академиялық қоғам (РАК) академиктерінің кітаптары мен мақалалары, Google Scholar платформасындағы мақалаларды қамтиды. Зерттеу жалпы ғылыми әдістерді: жүйелі талдау, анализ сияқты тәсілдерді қолданады.

Әдебиеттік шолу. Құзіретті мамандарды даярлап шығару үшін ЖОО ең алдымен сапалы біліммен қамтамасыз етуі тиіс. Олха Хрихораш «Скопус» ғылыми жұмыстар базасындағы «Жоғары білімді мемлекеттік қаржыландыру – оның сапасын қамтамасыз етудегі негізгі фактор: Еуропа елдерінің тәжірибесі» мақаласында жоғары білім арқылы жинақталған адами капитал – маңызды өндіріс факторы деген тұжырымды қарастырып, жоғары білімнің ел экономикасына, ғылыми зерттеулер деңгейіне, технологиялық дамуға, жиынтық өнімділіктің артуына және басқа салаларға оң әсерін көрсетіп, экономиканың негізгі драйверлерінің бірі деген тұжырымды дәлелдеді [2].

Кез-келген субъекті бағалау үшін белгілі бір көрсеткіштер мен критерийлер жиынтығы болады. Ал жоғары оқу орындарындағы сапалы білім түсінігі әр зерттеулерде әрқалай тұжырымдалады. Мәселен, орыс академигі, педагогика ғылымының докторы А.М.Новиковтың пікірінше, “Білім сапасы – нормативті талаптарды, әлеуметтік және жеке қажеттіліктерді қанағаттандыратын білім нәтижесінің деңгейін анықтайтын көрсеткіштер жүйесі” [3]. Ал, В.П.Панасюк, Н.В.Третьякова әлеуметтік-білім инновациясы туралы жазған мақалада білім сапасына келесідей анықтама берілген: “Жоғары білім сапасы – білім беру қызметі мен білім алушының кәсіби дайындығын, ФМБС (федералды мемлекеттік білім стандарты) білім беру стандарттарына, жеке және заңды тұлғалардың қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін, оның ішінде білім беру қызметінің мүдделері мен білім беру бағдарламасының жоспарланған нәтижесіне қол жеткізуін көрсететін комплексті сипаттама” [4].

Жоғары оқу орындарындағы білім сапасы туралы жазылған мақалаларда, бұл ұғым келесідей сипатталған: Крысанов А.Б. тұжырымдамасы бойынша, мамандардың даярлану деңгейі мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайына зор ықпалы бар. Білім сапасының көрсеткіштерін анықтау 3 әртүрлі сипаттағы сұрақтарды шешуден басталады, олар: әлеуметтік-экономикалық, техникалық және педагогикалық. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыда, бұл ПОҚ (профессорлық-оқытушылық құрам) тиімді ынталандыру жүйесін құру, ал техникалық тұрғыда, бұл оқу орындарындағы тез шешім қабылдау әрі ашық бақылау мақсатында жүргізілетін жоғары оқу орындарына заманауи АБЖ (автоматты басқару жүйелерін) енгізу, педагогикалық тұрғыда, бұл білімді бағалау әдістемесінің тиімді тәсілдерін қарастыру шараларын қамтиды [5].

Сонымен қатар, әлемдегі жоғары оқу орындарын рейтингілеу ұйымдарының жұмысы білім сапасының көрсеткіштерін анықтау үрдісіне негізделген.

Жоғары оқу орындарын рейтингілеу ең алғаш XX ғасырда бастау алып, әр 5 жыл сайын жарияланып отыратын болды. Алғашында, америкалық университеттерді бағалау оқытушылардың зерттеу жұмыстарындағы мәртебесін негізге ала отырып жүзеге асырылса, қазіргі уақытта халықаралық деңгейде әртүрлі критерийлер бойынша бағаланады. Мәселен, Роба Эльбаваб «Скопус» ғылыми жұмыстар базасындағы «Университеттерді рейтингілеу және оның мақсаты: кластерлік анализ» (2022) мақаласында QS Әлемдік Университеттерді рейтингілеу 6 индикатор бойынша жүзеге асатынын талдаған: 1) халықаралық студенттер қатынасы; 2) халықаралық факультеттер қатынасы; 3) оқытушы-студенттер қатынасы; 4) факультеттер бойынша дәйексөздер; 5) академиялық бедел; 6) жұмыскерлер беделі [6]. Ал отандық «Атамекен» білім беру

бағдарламалары бойынша ЖОО рейтингілеу критерийлері келесідей 3 негізгі блокқа біріктірілген: түлектердің мансаптық болашағы, білім беру бағдарламаларының сапасы, студенттердің жетістіктері [7].

Сонымен, бұл жұмыста жоғарыдағы көрсеткіштерге талдау жасалына отырып, білім сапасын анықтау көрсеткіштері бағаланады.

Негізгі бөлім. Білім – адамға құйылатын ең басты және маңызды инвестиция. Жоғары оқу орнын аяқтап, өз мамандығын жетік меңгеріп, білікті маман атанған түлектер келесі себептер бойынша экономикалық өсуде жетекші рөл атқарады:

1. Еңбек күші біліктілігінің артуы. Сапалы білім түлектерді қажетті қабілеттер мен дағдылармен қамтамасыз ете отырып, еңбек өнімділігін және тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

2. Инновация және ғылыми зерттеу жұмыстарының дамуы. Сапалы білім ғылыми зерттеу жұмыстарын ынталандыра отырып, жаңа технологиялардың пайда болуына әсер етеді, бұл, сәйкесінше, экономиканың өсу драйверлерінің бірі болуы мүмкін.

3. Инвестицияларды тарту. Инвесторлар білім деңгейі жоғары елдерге ақша құюды көздейді, себебі бұл жоғары білікті кадрлардың болуы мен инновацияның даму потенциалын көрсетеді.

4. Әлеуметтік-экономикалық даму. Сапалы жоғары білім жұмыссыздықтың төмендеуі мен халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға әсер етеді.

5. Жетекші салалардың дамуы. Экономикада маңызды рөл атқаратын ақпараттық технология, медицина, қаржы, инженерия сияқты бірқатар салалар жоғары білікті мамандарды талап етеді. Ал сапалы жоғары білім бұл салалардың дамуы мен әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі.

Ал бәсекеге қабілетті түлектерді оқытып шығару үшін ең алдымен жоғары білім сапасының көрсеткіштерін анықтап, осы көрсеткіштер бойынша жұмыс жасалуы керек. Зерттеу жұмыста жоғары білім сапасын анықтайтын көрсеткіштердің 3 сипаты талданды: әлеуметтік-экономикалық (жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейі, сыртқы немесе объективті бағалау, профессорлық-оқытушылық құрамды тиімді ынталандыру жүйесі), педагогикалық және техникалық (1-кесте). Сонымен қатар, отандық ЖОО білім беру бағдарламаларын рейтингілеумен айналысатын «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының рейтингілеу көрсеткіштері анықталды: жұмыспен қамту деңгейі, орташа жалақы мөлшері, орташа жұмыс іздеу уақыты.

Кесте – 1

Жоғары білім сапасын анықтайтын көрсеткіштердің 3 түрлі сипаты

Әлеуметтік-экономикалық			Педагогикалық	Техникалық
Жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейі	Сыртқы (объективті)	ПОҚ тиімді ынталандыру жүйесі		
Жоғары оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі – түлектерге қазіргі заман талаптары мен еңбек нарығы қажет ететін құзіретті мамандарды дайындау. Бұл ЖОО бәсекеге қабілеттілігін арттырып, инновация және ғылымды дамытып, сәйкесінше, жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейін жоғарылатуға, кәсіпорындарда/ұйымдарда /шаруашылықтарда тиімді шешімдер қабылдауға әсер етеді. Сондықтан да, жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының мазмұны	Жоғары білім сапасын сыртқы (объективті) бағалау мемлекет тарапынан жүзеге асырылады. Студенттердің жоғары оқу орындарында алған білімдері бойынша тестілеу, бақылау жұмыстары арқылы білімнің игерілген деңгейін таза	Жоғары оқу орындарының тағы бір маңызды міндеттерінің бірі – профессорлық-оқытушылық құрамды тиімді ынталандыру жүйесін енгізу. Бұл комплексті жүйе мәселені 2 тұрғыдан қамтуы керек: материалдық және моральдық. Материалдық тұрғыда, оқытушылардың жалақысын көтеру, мемлекеттік сыйлық	Жоғары оқу орындарын сапалы біліммен қамтамасыз ету - мемлекет тарапынан ғана жүзеге асырылатын іс-әрекеттер емес. Түлектермен тікелей қарым-қатынаста болатын, олардың білім игеруі мен ынталарына, бағалануына жауапты –	ЖОО техникалық дайындығының жоғары деңгейі – білім алуда бірқатар мәселелерді оңтайландырады: білім беру мазмұнының қолжетімділігі, әділ және объективті бағалану, прак-

мен жұмыс берушілердің талаптарының сәйкес келуі маңызды орын алады. Мәселен, түлек белгілі бір дағдылар жиынтығын игеріп, кәсіби орта жүйесінде икемді болуы, критикалық ойлау қабілеті, автономды түрде жұмыс жасай алу қабілеттері және тағы басқа дағдылары мен қабілеттері қазіргі заманның жұмыс берушілерінің арасында сұранысқа ие талаптардың бірі.	көруге болады. Осылайша, түлектер арасында жоғары білім деңгейі қалыпты мәннен түсіп кетсе, мемлекет оны қолға алып, бірқатар шараларды жүзеге асыра отырып, басқара алады.	бөлу сынды әрекеттерді қамтыса, моральдық тұрғыда, жеке оқытушының жетістіктерін, академиялық беделін көрсету ғылыми-инновациялық жобаларға тарту сияқты әрекеттерді қамтиды.	педагог. Жоғары оқу орындарында білім беретін педагогтар кәсіби күзиреттілігін бірнеше аспектіде көрсете алуы керек: методикалық, ұйымдастырушылық, психологиялық-педагогикалық.	тикалық дағдылардың қалыптасуы, жеке оқу жоспарын құрай алу мүмкіндігі, ж.т.б.
--	---	---	--	--

**[5] әдебиет негізінде авторлармен құрастырған*

Талданған кесте негізінде келесідей тұжырым алынды: жоғары оқу орындары сапалы біліммен қамтамасыз етсе, жұмыс берушілер түлектердің кәсіби дайындық деңгейімен қанағаттанады. Сонымен қатар, Қазақстандағы түлектердің білімін сырттай бағалау - білім және ғылым министрлігінің жетекшілігімен сырттай тестілеу - білім сапасының деңгейін көрсетеді.

Аталған көрсеткіштер білім сапасының анықтау критерийлерінің жүйесін құрайды. Осы көрсеткіштерді негізге ала отырып, жоғары білім нарығындағы білім сапасын арттыруға, сәйкесінше экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға болады.

Жоғарыдағы анықтамаларды жүйелей келе, жоғары білім сапасы – білім беру үрдісінің жағдайы мен тиімділігі, оның жұмыс берушілердің қажеттіліктері мен күтіміне сәйкестігін анықтау, кәсіби және тұлғалық құзыреттіліктерді қалыптастыру және дамытуын сипаттайтын шама деп қарастырса болады. Жоғарғы оқу орындарында білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесі келесі мақсаттармен жүзеге асырылады:

- білім сапасының жоғары деңгейін және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоғары сапасын қамтамасыз ету және оған сәйкес тәжірибені қалыптастыру үшін студенттерді зерттеуге тарту;
- негізгі мүдделі тараптардың (студенттер, оқытушылар, зерттеушілер, әкімшілік, әлеуетті жұмыс берушілер) қанағаттануының жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Жоғары білім сапасын анықтаудың әлемдік деңгейде бірегей бекітілген стандарты жоқ. Ол әртүрлі елдерде, ЖОО рейтингілеу ұйымдарында әртүрлі көрсеткіштер бойынша анықталады. Ал жоғары оқу орындарының рейтингі экономикада макродеңгейде де (ел экономикасы), микродеңгейде де (жеке жоғары білім беретін мекемелер) айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Мәселен, Америка Құрама Штатындағы Гарвард университеті, Стэнфорд университеті, Массачусетс технологиялық институты жоғары білім және ғылым нарығында жетекші орындарды иелене отырып, көптеген шет ел студенттері мен инвестицияларды тартады, осылайша, тек қана штаттың экономикалық дамуын ғана емес, ел экономикасын дамытуға да үлес қосады.

Тукубаев З.Б. білім сапасының анықтамасына сәйкес, оның көрсеткіштерін келесідей 3 топқа бөледі: әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық және техникалық [5].

1. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер.

а) Жұмыс берушілердің жас түлектермен, олардың кәсіби дайындығымен қанағаттану деңгейі. Жоғары білім сапасының талаптары мен оның мақсатына сәйкестігі, ең объективті критерий – жеке адамдардың, азаматтық қоғамның немесе жұмыс берушілердің қажеттіліктерін қанағаттандырудан туындайды және кез келген талаптар нақты қажеттіліктер негізінде қалыптасады. Талаптар - бұл жеке тұлғалардың, азаматтық қоғам мен жұмыс берушілердің бірдей қажеттіліктері және олар нақтыланған, жалпыланған және Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің қызметін реттейтін негізгі құжаттарда белгіленген. Жоғарыда көрсетілген тұжырымдамаға сәйкес, келесідей сұрақ туындайды: Жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейін қалай анықтауға болады? Экономикалық теорияға сәйкес, кез-келген тауарлармен немесе қызметтермен қанағаттану деңгейі сол тауарларға немесе қызметтерге деген сұраныспен анықталады. Осылайша, тұтынушы өндірушінің ұсынған

тауарлар немесе қызметтермен қанағаттанғанын не қанағаттанбағанын білдіреді. Білім нарығында тұтынушы ретінде абитуриенттер, ал қызмет көрсету ретінде - ЖОО-дағы білім бағдарламасын ұсыну болып саналады. Осыдан, абитуриенттер санының өсуі – олардың ЖОО-дағы білім сапасымен қанағаттануы, ал төмендеуі, яғни, білім беру қызметіне деген сұраныстың төмендеуі - қанағаттанбауына жауап береді. Алайда, сұраныстың өзгеруі тек қана білім беру сапасымен қанағаттану немесе қанағаттанбау деңгейіне ғана тәуелді емес, бұл тек соған әсер ететін факторлардың бірі деп қарастыру керек. Себебі, ел экономикасының кейбір кезеңдерінде еңбек нарығы аса талап етпейтін мамандықтар да абитуриенттер сұранысына кері әсерін тигізуі мүмкін. Осы сияқты бірқатар факторларды да елемей дұрыс емес.

Білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің кәсіби деңгейін анықтайтын ақырында кәсіпорындар (ұйымдар, шаруашылықтар) болып табылады. Сондықтан, жұмыс берушілердің түлектерге қойылатын талаптары жоғары білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес болуы тиіс. Мәселен, практикалық деңгейде дайындықтың жоғары болуы, іргелес салалар облысында білім негізі болуы, ғылыми және жобалық жұмыстарда белгілі бір дағдылар жиынтығы болуы және тағы басқалары.

ә) Білім меңгеру деңгейін тәуелсіз сыртқы тестілеу. Сұраныстың өсуі немесе төмендеуіне байланысты білім бағдарламаларының сапасы – оқу үрдісін тек қана бір тұрғыда, білім беру қызметін жүзеге асырудағы университет жұмысының сапасы жағынан ғана сипаттайды. Сондықтан, білім беру қызметін игерудің сыртқы (объективті) көрсеткіштерімен қатар оның ішкі (субъективті) көрсеткіштерін де ескеру қажет. Білім беру қызметтерін игерудің ішкі көрсеткішіне ЖОО «өте жақсы» және «жақсы» бағаларына бітірген түлектер санының өзгеруі жатады. Студенттердің білім беру қызметтерін игеру сапасын университет оқытушылары анықтайды, сондықтан оны ішкі субъективті сапа көрсеткіштеріне жатқызады. Бұл жағдайда, неліктен «білім беру қызметін жүзеге асыру сапасы» емес, «білім беру қызметінің игерілу сапасы» тіркесін қолданылады? Себебі, мәселе білім беру қызметін жүзеге асыру сапасында емес, білімді игеру сапасында болып табылады. Ал ҚР білімді игеру дәрежесі «Білім туралы» заңнамасында бекітілген және оқытушылар мен Мемлекеттік Комиссия жүйесінің мүшелерімен бағаланады. Ал, білім беру қызметін меңгеру сапасының сыртқы объективті көрсеткіштері ретінде білім меңгеру деңгейін тәуелсіз сыртқы тестілеу нәтижелерін пайдалану ұсынылады. Мәселен, Қазақстан Республикасында 2012 жылдан 2021 жыл аралығында білім игеру сапасын сырттай бағалау үшін ОЖСБ (оқу жетістіктерін сырттай бағалау) тестілеу жүйесі жұмыс жасады. ОЖСБ соңғы курс студенттері үшін жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға сай міндетті стандарттарында көзделген оқу пәндерінің көлемін студенттердің меңгеру деңгейін анықтауға мақсатталған болатын. Бірақ, 2021 жылы жоғары оқу орындарында ОЖСБ алынып тасталынды. ҚР бұрынғы (2019-2022) Білім және Ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің пікірінше: “Бұл ең алдымен жоғары оқу орындарының академиялық дербестігінің кеңеюімен және білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлеу мүмкіндігін қамтамасыз етумен байланысты. Әрбір университет өзінің жеке білім беру бағдарламасын әзірлейтін жағдайда мұндай тестілеуді жүргізу дұрыс емес сияқты» [8].

Алайда, Білім және Ғылым министрінің 2023 жылғы 8 қарашадағы бұйрығымен студенттердің білім деңгейін бақылау тестінің қағидалары мен талаптары бекітілді. Білім деңгейін анықтау – техникалық және кәсіптік, кейінгі оқу орындарының негізінде оқу мерзімі жеделдетілген жоғары оқу орындарының қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді қоспағанда, күндізгі оқу нысанындағы бакалавриат студенттері арасында компьютерлік тестілеу түрінде жүзеге асырылады [9].

б) ПОҚ тиімді ынталандыру жүйесі. Білім сапасын, ғылыми зерттеу жұмыстарының белсенділігін арттыруда, талантты студенттерді тарту мен ұстауда, халықаралық мәртебені көтеруде, шет ел студенттерін тартуда, академиялық жоғары нәтижелерге қол жеткізуде, университет беделін арттыруда, оның бәсекеге қабілетті болуында профессорлық-оқытушылар құрамының құзыреттілігі айтарлықтай ықпалын тигізеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылдың 1 қыркүйегіндегі Халыққа Жолдауында қазіргі кезде жоғары білікті және ынталанған педагогтарға аса мұқтажбыз деп айтып өткен болатын [10]. Осыған байланысты профессорлық-оқытушылық құрамның тиімді ынталандыру жүйесін құру маңызды орын алады, неғұрлым ынталандыру жүйесі тиімді болса, соғұрлым жоғары оқу орындарында құзіретті мамандар білім береді.

Профессорлық-оқытушылар құрамын тиімді ынталандыру жүйесі екі мүдделі тараптың да қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып жүзеге асырылады. Оқу стандарттарының үздіксіз өзгерістері, «қағаз» жұмыстарының басым болуы сияқты мәселелер ПОҚ ынталандыру жүйесін дамыту қажеттіліктерін төмендетеді. Сол себепті, бұл мәселені шешу үшін оқытушыларды ынталандырудың екі жақты: моральдық және материалдық тұрғыда қамтитын комплексті жүйені енгізу керек.

2. Педагогикалық көрсеткіштер.

Оқытушының оқыту әдісі мен құралдарын дұрыс таңдауы - білім сапасы мен оқу үдерісіндегі игерілген білім сапасын бағалауда көрінеді. Ағымдық бақылау пәннің мазмұны бойынша жүргізіледі және келесі түрлерде өткізіледі: ауызша сұрау, коллоквиум, семинар, тест, зертхана жұмыстары, сынақтар және тағы басқалары. Осындай оқыту мен бағалау әдістерін негізінен пән мұғалімі анықтайды. Сондықтан да, педагогикалық тұрғыдан алғанда, бұл білімге деген қызығушылық деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін оқушылардың білімін бағалау әдістерін дұрыс құрай алу қабілеті.

Осылайша, жоғары білім жүйесіндегі дұрыс қолданылған әдістер мен құралдар жұмыс ортасында күрделі тапсырмаларды орындау алу қабілеті арқылы еңбек күшінің сапасын арттыруда, сәйкесінше еңбек өнімділігі мен экономикалық дамуға маңызды орын алады.

3. Техникалық көрсеткіштер.

Техникалық тұрғыдан алғанда, бұл университетті басқарудың автоматтандырылған жүйесін (АБЖ) әзірлеу. Осы арқылы университет өз жағдайын жедел талдап, нәтижесінде деректерді өңдеп, шешімдер қабылдау үшін объективті бағалай алады. Мәселен, қазіргі таңда Қазақстан Республикасының барлық жоғары оқу орындарының жеке университет жүйелері бар – ол әрбір студенттің білім беру порталында білім беру мазмұнына қол жеткізу мүмкіндігін, тестілеу арқылы аралық және қорытынды бақылаудан өтуді; нақты уақыт режимінде кеңес алу және оқытушылармен асинхронды түрде мамандықтың типтік оқу жоспарын ескере отырып, элективті пәндерді таңдау негізінде жеке оқу жоспарын құруды, және де тағы да басқа пайдалы функциялармен қамтамасыз етеді. Осылайша, университет басшылары заманауи оқыту технологияларын қолдану және білім берудің барлық нысандарындағы үлгерімді басқару арқылы жоғары білім сапасын бақылауды қамтамасыз ете алады.

Сонымен, аталған 3 сипаттағы көрсеткіштер Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы білім сапасын анықтауда басты көрсеткіштер деп тұжырымдауға болады.

Енді, жоғарыда тұжырымдалған білім сапасын анықтаудың көрсеткіштерін Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарын рейтингілеу ұйымы – «Атамекеннің» көрсеткіштерімен салыстырайық. «Атамекен» - Республикада жұмыс істейтін ЖОО рейтингілеумен айналысатын Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, коммерциялық емес ұйымы болып табылады. Ол Қазақстан Республикасының Үкіметімен және мемлекеттік органдармен бизнестің келіссөздер жүргізу мүмкіндігін күшейту мақсатында құрылған. Осылайша, «Атамекен» ҚР ЖОО арасында бірқатар критерийлер бойынша рейтингілеу жұмысын жүргізеді. Мәселен, төменде Атамекен 2023 жылғы «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша университеттер рейтингі көрсетілген.

Кесте – 2

«Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша, 2023 жылғы «Атамекен» ЖОО рейтингі

№	ЖОО атауы	Орташа жұмыс іздеу уақыты, ай	Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі, %	Түлектердің орташа жалақы мөлшері, теңге
1	КИМЭП университеті (Алматы қ.)	2.30	100%	263723.00
2	М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университеті (Астана қ.)	2.50	100%	380414.00
3	Қазақстан-Британ Техникалық университеті (Алматы қ.)	2.10	100%	286418.00


4	Нархоз Университеті (Алматы қ.)	2.70	95%	216834.00
5	Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті (Маңғыстау обл.)	2.40	93%	176558.00
6	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ.)	3.10	86%	163631.00
7	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ.)	2.10	92%	157403.00
8	Торайғыров университеті (Павлодар обл.)	1.50	96%	244917.00
9	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды обл.)	2.30	88%	179694.00
10	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті (Қостанай обл.)	2.50	100%	123115.00

* Дереккөз: «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәліметтері негізінде құрастырылған

2023 жылы «Атамекен» ҰКП 2022 жылғы түлектердің деректерін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасындағы жоғарғы оқу орындарын 19 критерий бойынша бағалады, олардың негізгілері: жұмыспен қамту деңгейі, орташа жалақы мөлшері, орташа жұмыс іздеу уақыты. Бұл критерийлерді есептеу үшін 2022 жылдың тамыз айынан (барлық түлектер диплом алған кезде) 2023 жылдың шілде айы аралығындағы кезеңде түлектердің ай сайынғы зейнетақы жарналары туралы деректер қолданылған [11].

1) Жұмыспен қамту деңгейі – жоғары оқу орны түлектерінің пайыздық мөлшерде жұмысқа тұру мөлшерін көрсетеді. Бұл фактор, білім сапасын анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Себебі, сапалы білім алып, құзіретті маман атанған түлектер кез-келген еңбек нарығында сұранысқа ие болады.

2023 жылы ҚР ЖОО түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі 3.3% артып, 82.8% құрады, ал 2022 жылы бұл көрсеткіш 79.5% құраған.



Сурет –1. ҚР ЖОО түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі, % (2019-2023)

* [11] әдебиет негізінде құрастырылған

Еңбекпен қамтылу деңгейі мен білім сапасы арасындағы байланысты зерттей келе, келесідей мәселелерді бөлуге болады: заманауи еңбек нарығы маманнан жоғары кәсіби дайындықты талап етеді. Сонымен қатар, жас түлектерге қойылатын талаптар тек академиялық деңгейде ғана емес, дағдылар деңгейінде де көрінеді, мәселен, командамен жұмыс жасай алу, өзгерістерге байланысты тез әрекет ете алу, білімін уақытқа байланысты үнемі жетілдіріп отыру.

2) Атамекен рейтингі бойынша келесі критерий – түлектерге жұмысқа орналасуға кететін уақыт. 2023 жылы оқуды бітіргеннен кейін жұмыс іздеудің орташа уақыты 79 күнді (2.64 айды) құрады.



Сурет –2. ҚР ЖОО түлектердің жұмысқа орналасуының орташа уақыты (2023 жыл)

** [12] әдебиет негізінде автормен құрастырылған*

Зерттеу нәтижесінде төмендегідей нәтижелер алынды (1 – сурет):

- Түлектердің 1% оқуды бітіргеннен кейін 6 айдан астам жұмыс іздейді;
- Түлектердің 29% оқу орнын бітіргеннен кейін, 3 айдан 6 айға дейін жұмыс іздейді;
- Түлектердің 70% оқуды бітіргеннен кейін алғашқы 3 айда жұмысқа орналасады.

3) Орташа жалақы мөлшері – «медианалық жалақы», ол барлық жұмысшылардың алған орташа ақша сомасын көрсетеді.

«Атамекен» рейтингілеу ұйымының сауалнамасы бойынша, бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда (167 577) өзгеріссіз қалды және 168 156 теңгені құрады. Ал 2021 жылы 155 621, 2020 жылы 114 067 теңге деңгейінде болған.

Қазақстан Республикасындағы жоғары білім нарығы соңғы жылдары бірқатар сыртқы және ішкі факторлар әсерінен өзгеріске ұшырауда:

1. Студенттер санының артуы: жылдан жылға жоғары білім алуға деген қызығушылық артып, абитуриенттер мен студенттердің саны көбейіп келеді. Бұл елдегі білім беру қолжетімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік саясатпен тығыз байланысты.

2. Еңбек нарығының талаптарына бейімделу: Жоғары оқу орындары жылдан жылға еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес бағдарламаларды қамтамасыз етуде.

3. Жеке жоғары оқу орындарының дамуы: Қазақстанда жеке жоғары оқу орындарының саны артып келеді, олар түрлі сала мамандарына сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекеге қабілетті бағдарламалар ұсынады.

Жоғары білім сапасын арттыру комплексті және білім беру үрдісінің әртүрлі аспектілерін қамтитын тәсілдерді қолдануды талап етеді. Бұд әдістерде келесідей мәселелер қарастырылу керек:

1) Жоғары білім беру мазмұны, яғни жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндер мен дисциплиналар мазмұны қазіргі заманға сай, нақты еңбек нарығы қажет ететін білім мен дағдыларды меңгеруге бағытталған болуы керек. Сәйкесінше, жұмыс берушілермен тығыз байланысты қолдай отырып, олардың талаптары мен сұраныстарын анықтап, белгілі бір кезең аралығында қайта жаңартылған өзгерістерді енгізу керек;

2) Жоғары білім сапасын сырттай бағалайтын іс-шаралардың адал әрі әділ жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

3) Жоғары оқу орындарының техникалық дайындығын арттыру, яғни, оқу кабинеттерін дербес компьютерлермен, практикалық немесе лабораториялық сабақтарында қолдану керек құрал-жабдықтармен жаппай қамтамасыз ету.

Бұл зерттеу жұмысында жоғары білім сапасын анықтайтын тек дәстүрлі академиялық критерийлерді ғана емес, сондай-ақ білім беру процесіне әлеуметтік-экономикалық орта әсерін және заманауи педагогикалық әрі техникалық инновацияларды енгізудің маңыздылығын атап өтіледі. Мұндай көпқырлы тәсіл жоғары білім сапасын дәлірек және толық бағалауға мүмкіндік береді, бұл

білім беру жүйесін жетілдіру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға арналған тиімді стратегияларды дамыту үшін маңызды қадам болып табылады.

Қорытынды. Мақала Қазақстандағы жоғары білім сапасын бағалау кешенді көрсеткіштер жүйесінің әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық және техникалық аспектілерін қамтиды. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер келесідей параметрлерді қамтиды: жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейі - жоғары білім сапасының маңызды көрсеткіші болып табылады, себебі ол білімнің еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін көрсетеді. Бұл көрсеткіш жоғары оқу орындарының түлектерінің қажетті дағдылар мен білімдерге ие болу дәрежесін және оларды кәсіби салада табысты жұмыс істеуге дайындығын білдіреді; жұмысқа орналасу және мансаптық өсу - түлектердің жұмысқа орналасу жылдамдығы, алғашқы жылдардағы орташа жалақы деңгейі. Жұмыс берушілердің жоғары қанағаттануы түлектердің жұмысқа оңай орналасып, кәсіби салада табысты дамып жатқанын көрсетуі мүмкін. Ал педагогикалық көрсеткіштер Оқытушылардың кәсібилігі мен құзыреттілігі, білім мен дағдыларды беру қабілеті, заманауи оқыту әдістерін пайдалану деңгейін, оқу құралдары, бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулар және басқа да білім беру ресурстарының сапасын қамтиды. Жоғары білім сапасының техникалық аспектілері білім беру процесін жақсарту, оның тиімділігін арттыру және қазіргі заманның талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін заманауи ақпараттық технологияларды енгізу және пайдалану, оның ішінде электрондық оқу материалдары, онлайн курстар, виртуалды зертханалар және қашықтықтан оқыту платформалары, оқу және зертханалық базаның қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз етілуі, студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға, зерттеулер жүргізуге және зертханалық жұмыстарды орындауға қажетті жоғары сапалы құрал-жабдықтардың болуы сияқты мүмкіндіктерді қамтиды. Қорытындылай келе, бұл мақаланың нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасындағы жоғары білімнің сапасын арттыру мақсатында келесі стандарттарды енгізуге болады:

1. Білім беру бағдарламаларының сапасы бойынша стандарттар:

- Еңбек нарығының қажеттіліктерін, жаһандану үрдістерін және заманауи технологиялық жетістіктерді ескеретін білім беру бағдарламаларының нақты стандарттарын әзірлеу және енгізу;
- Білім беру бағдарламаларын студенттердің болашақ кәсіби қызметіне қажетті дағдыларға және құзыреттерге сәйкестігін ескере отырып бағалау және бекіту;
- Оқу бағдарламаларына міндетті практикалық модульдерді енгізу, бұл теориялық білімді нақты еңбек жағдайларымен сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

2. Оқытушылардың біліктілігі бойынша стандарттар:

- Оқытушылардың кәсіби және академиялық біліктілігіне қойылатын талаптарды енгізу, сондай-ақ олардың біліктілігін үнемі арттыру үшін ғылыми зерттеулерге, халықаралық конференцияларға қатысу және оқытуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру.
- Оқытудың қазіргі заманғы әдістерін, жобалық жұмыс, белсенді оқыту әдістері және цифрлық технологияларды пайдалану сияқты стандарттарды енгізу.

3. Инфрақұрылым мен техникалық жабдықтау сапасы бойынша стандарттар:

- Білім беру мекемелерінің заманауи зертханалары, компьютерлік сыныптары, онлайн-ресурстарға және цифрлық платформаларға қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша техникалық жабдыкталудың минималды стандарттарын енгізу.
- Оқу процесін қолдау үшін физикалық (сыныптар, зертханалар) және виртуалды (онлайн курстарға, қашықтықтан оқыту платформаларына қолжетімділік) инфрақұрылымның сапасы бойынша стандарттарды әзірлеу.

- Жаңа білім беру технологияларын енгізу үшін қажетті жағдайлар жасау, мысалы, виртуалды және толықтырылған шындық, жасанды интеллект және басқа да технологиялар.

4. Білім беру процесінің сапасын бағалау стандарттары:

- Студенттердің үлгерімін, студенттер мен жұмыс берушілердің қанағаттанушылығын бағалауға арналған білім сапасын бағалаудың және мониторингтеудің тиімді жүйелерін енгізу.

- Оқу бағдарламалары мен оқытудың сапасын бағалаудың бірыңғай критерийлерін енгізу, оның ішінде студенттер мен түлектерден, сондай-ақ жұмыс берушілерден кері байланыс алу.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН АР19576425 «Цифрландыру және технологиялық өзгерістер дәуірінде жоғары білім сапасының ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсері» гранттық қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде әзірленген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. // Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2
2. Hryhorash O., Chentsov V., Nurgaliyeva A., Hryhorash T. State funding of higher education as a factor of ensuring its quality: experience of the European countries // Journal of Public and Municipal Finance. – 2020. – №11. – 60 p. DOI:10.21511/pmf.09(1).2020.06
3. Новиков А.М., Новиков Д.А. Как оценивать качество образования? – URL: http://www.anovikov.ru/artikle/kacth_obr.htm
4. Панасюк В.П., Третьякова Н.В.. Социально-образовательные инновации в непрерывном образовании взрослых. // Инновационные проекты и программы в образовании. – 2019. – №2. – С. 67-71.
5. Крысанов А.Б. Управление качеством образования в негосударственном вузе // Журнал «Образование.Наука.Научные кадры». – 2019. – №1. – С.98-101.
6. Elbawab R. University Rankings and Goals: A Cluster Analysis // Journal of Economies. – 2020. – №5(10). – DOI: .org/10.3390/economies10090209.
7. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы. 2022 жылғы білім беру бағдарламаларын рейтингілеу – URL: <https://atameken.kz/ru/news/48591-npp-sostavila-rejting-luchshih-obrazovatel-nyh-programm-0-goda>
8. Мемлекеттік органдарға арналған интернет-ресурстар платформасы. Жоғары оқу орындарының академиялық дербестігін одан әрі кеңейту бойынша – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/89705?lang=kk>
9. Қазақстандық интернет-басылым. Қазақстанда студенттердің білімін қалай анықтайды: жаңа ережелер – URL: <https://www.zakon.kz/pravo/6413866-kak-v-kazakhstane-budut-opredelyat-znaniya-studentov-novye-pravila.html>
10. ҚР Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakistan-halkyna-zholdauy-183555>
11. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы. 2023 жылғы білім беру бағдарламаларын рейтингілеу қорытындысы. – URL: <https://atameken.kz/kk/news/51288-677474>

REFERENCES

1. Qazaqstan Respublikasy normativtik qūqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-qūqyqtyq zhyjesi. [Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan.] // Ädiletті memleket. Birtutas ult. Berekelі қоғам. Birtūtas ūlt. Berekelі qoғam. Memleket basşysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ 2022 jylğy 1 qyrküiektegı Qazaqstan halqyna Joldaуy. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2 [in Kazakh].
2. Hryhorash O., Chentsov V., Nurgaliyeva A., Hryhorash T. State funding of higher education as a factor of ensuring its quality: experience of the European countries. Journal of Public and Municipal Finance. – 2020. – №11. – 60 p. –doi:10.21511/pmf.09(1).2020.06

3. Novikov A., Novikov D. Kak ocenivat' kachestvo obrazovaniya? [How to evaluate the quality of education?] – URL: http://www.anovikov.ru/artikle/kach_obr.htm (data obrashcheniya: 14.01.2024) [In Russian].
4. Panasyuk V., Tret'yakova N. Social'no-obrazovatel'nye innovacii v nepreryvnom obrazovanii vzroslykh [Socio-educational innovations in adult continuing education] // Innovacionnye proekty i programmy v obrazovanii. – 2019. – №2. – S. 67-71 [in Russian].
5. Krysanov A. Upravlenie kachestvom obrazovaniya v negosudarstvennom vuze [Quality management of education in a non-governmental university] // Zhurnal «Obrazovanie.Nauka.Nauchnye kadry». – 2019. – №1. – S. 98–101 [in Russian].
6. Elbawab R. // University Rankings and Goals: A Cluster Analysis. Journal of Economies. – 2020. – №5(10). – doi: [org/10.3390/economies10090209](https://doi.org/10.3390/economies10090209).
7. «Atameken» QR Ұлттық кәсіпкерлер палатасы. 2022 жылғы білім беру бағдарламаларын реитингілеу [National Chamber of entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan "Atameken". Rating of educational programs in 2022] – URL: <https://atameken.kz/ru/news/48591-npp-sostavila-rejting-luchshih-obrazovatelnyh-programm-0-goda> [in Kazakh].
8. Memlekettik organdarğa арналған интернет-ресурстар платформасы. Жоғары оқу орындарының академиялық дербестігін одан әрі кеңейту бойынша [Internet resource platform for government agencies. To further expand the academic independence of higher education institutions] – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/89705?lang=kk> [in Kazakh].
9. Qazaqstandyq internet-basylym. Qazaqstanda studentterdiń bilimín qalai anyqtaidy: jańa erejeler. [Kazakhstan internet publication. How to determine the education of students in Kazakhstan: new rules] – URL: <https://www.zakon.kz/pravo/6413866-kak-v-kazakhstane-budut-opredelyat-znaniya-studentov-novye-pravila.html> [in Kazakh].
10. QR Prezidentiniń resmi saity. Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaуy. [Official website of the president of the Republic of Kazakhstan. Address of the head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan] – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> [in Kazakh].
11. «Atameken» QR Ұлттық кәсіпкерлер палатасы. 2023 жылғы білім беру бағдарламаларын реитингілеу қорытындысы. [National Chamber of entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan "Atameken". Results of the rating of educational programs for 2023] – URL: <https://atameken.kz/kk/news/51288-677474> [in Kazakh].

Қайырбек Қ., Кондыбаева С., Болуспаев Ш.

РЫНОК ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КАЧЕСТВА ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Статья посвящена теме исследования состояния рынка высшего образования в Казахстане и показателей качества высшего образования. В данной работе рассматриваются показатели определения качества образования в вузах страны, приводятся их педагогические, социально-экономические (уровень удовлетворенности работодателей, внешняя или объективная оценка, система эффективного стимулирования профессорско-преподавательского состава) и технические аспекты.

Методы исследования включают методы статистического анализа, обработки и интерпретации данных, позволяющие глубже понять состояние и важнейшие тенденции современного рынка высшего образования, в том числе: зарубежные и отечественные работы Национальной палаты предпринимателей «Атамекен», проведенные в рамках тематики статистики рейтингования образовательных программ в отечественных ВУЗах и состояния высшего образования.

Основные результаты работы подчеркивают необходимость совершенствования методов оценки качества высшего образования и акцентируют внимание на улучшении взаимодействия между государством, организациями образования и работодателями. Статья важна для дальнейшего развития системы высшего образования в Казахстане, поскольку результаты исследования могут стать основой для разработки новых стратегий в области образовательной политики и повышения конкурентоспособности вузов Казахстана на международной арене.

Kaiyrbek K., Kondybayeva S., Boluspayev S.

**HIGHER EDUCATION MARKET IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: DETERMINATION OF
HIGHER EDUCATION QUALITY INDICATORS**

Annotation

The article is devoted to the research of the state of the higher education market in Kazakhstan and the quality indicators of higher education. This paper examines the indicators for determining the quality of education in the country's universities, provides their pedagogical, socio-economic (employer satisfaction level, external or objective assessment, effective incentive system for teaching staff) and technical aspects.

The research methods include methods of statistical analysis, processing and interpretation of data, allowing for a deeper understanding of the state and the most important trends of the modern higher education market, including: foreign and domestic work of the National Chamber of Entrepreneurs "Atameken", conducted within the framework of statistics on the rating of educational programs in domestic universities and the state of higher education.

The main results of the work emphasize the need to improve methods for assessing the quality of higher education and focus on improving interaction between the state, educational organizations and employers. The article is important for the further development of the higher education system in Kazakhstan, as the results of the study can become the basis for the development of new strategies in the field of educational policy and increase the competitiveness of universities in Kazakhstan in the international arena.

